

Қызметкерлерге қамқорлық

Банк ЦентрКредит үшін қызметкерлерге қамқорлық – корпоративтік мәдениеттің негізгі бағытының бірі. Біз еңбек құқықтарын сақтауға, жұмыс пен жеке өмір арасындағы тепе-теңдікті қамтамасыз етуге, қауіпсіз әрі инклюзивті ортаны қалыптастыруға және әрбір қызметкердің кәсіби дамуына жағдай жасауға ұмтыламыз.

Әділ және ашық еңбекақы

Банктің Еңбекақы төлеу саясаты қызметкерлердің еңбекақысын белгілеу бойынша заңнама талаптарына сай келетін ең төменгі стандарттарды айқындайды. Ең төменгі жалақы ең төменгі күнкөріс деңгейінен жоғары белгіленіп, инфляция мен еңбек нарығындағы өзгерістерге сәйкес тұрақты түрде қайта қаралады. Бұл барлық қызметкерлер үшін лайықты өмір сүру деңгейін қамтамасыз етуге бағытталған.

Жұмыс уақыты электрондық табель арқылы бақыланады, ол артық жұмыс уақытын да тіркейді. Жалақыны орталықтандырылған есептеу және жұмыс уақытын есепке алу тәртібіне сәйкес, артық жұмыс уақыты міндетті түрде төленеді. Қызметкерді артық жұмысқа тарту тек оның жазбаша келісімімен жүзеге асырылады. Артық жұмыс уақыты заңмен шектелген: айына 12 сағаттан және жылына 120 сағаттан аспауы тиіс. Демалыс және мереке күндеріндегі жұмыс ұзақтығы 8 сағаттан аспауы керек.

Жұмыс пен демалыс арасындағы тепе-теңдік

Банк қызметкерлерін жыл сайынғы 24 күндік ақылы еңбек демалысын толық пайдалануға ынталандырады. Еңбек заңнамасына сәйкес, әр қызметкер жылына кемінде 14 күн қатарынан демалыс алуы тиіс. Банк басшылығы толыққанды демалыстың психологиялық және физикалық саулығы үшін маңыздылығын қолдайды.

Ата-аналарға қолдау

Банк жүкті және жаңа босанған әйелдерге, сондай-ақ бала асырап алған ата-аналарға қолайлы жағдай жасауға ерекше назар аударады. Әйел қызметкерлерге декреттік демалыс беріледі: босануға дейін – 70 күнтізбелік күн, босанғаннан кейін – 56 күн (асқынған жағдайда немесе екі және одан көп бала туған жағдайда – 70 күн). Сонымен қатар, бала үш жасқа толғанға дейін ақысыз күтім демалысы қарастырылған. Бұл демалыс ананың немесе әкенің, жалғызбасты ата-ананың, қамқоршының немесе баланы тәрбиелеуші басқа туысының таңдауы бойынша беріледі.

Банктің АХҚО-дағы филиалында жаңа туған баланың әкесіне арналған бес жұмыс күніне дейінгі ақылы демалыс көзделген. Бұл демалыс қызметкердің орташа күндік еңбекақысы мөлшерінде төленеді.

Оқыту және даму

Банк ЦентрКредит адам капиталын дамытуға тұрақты түрде инвестиция салады. Менторлық бағдарлама жас мамандардың бейімделуіне, кәсіби дағдыларды меңгеруіне және корпоративтік мәдениетке сінуіне көмектеседі. Сонымен қатар, Цифрлық трансформация бағдарламасы аясында қызметкерлерге Excel, инвестициялық талдау, жобаларды басқару және цифрлық қауіпсіздік салаларында оқыту ұйымдастырылады.

Оқыту бағдарламалары барлық қызметкерлерге – тұрақты, келісімшартпен, жартылай жұмыс істейтін қызметкерлер мен тағылымгерлерге қолжетімді. Бұл әрбір қызметкерге тең мүмкіндіктер мен кәсіби өсуге жол ашады.